КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 мамыр Іс №1513-24-00-2/800 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы Х.Уразова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» (Aktobe medical center) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Наурызбай Бағланұлы («Наурыз»)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор А.Есімғалиқызы
талап қоюшының өкілі Д.Бөлек
жауапкер Н.Бағланұлы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (тапсырыс беруші) және жауапкер (өнім беруші) арасында 2024 жылдың 19 ақпанында №149-7 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер контейнер тапсырыс берушінің сұранысы бойынша 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 10.05.2024
Заңды күшіне енген күні: 12.06.2024, судья Казтуганова Б. А., 13.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың жалпы сомасы 116 400 теңгені құрайды.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2024 жылдың 29 ақпанында төленген.

Талап қоюшымен веб-портал арқылы 2024 жылдың 21 ақпанында сұраныс жолданған.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2024 жылдың 7 наурызына дейін болып табылады.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 1280 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қуаттап қанағаттандыруды сұраған.

Жауапкердің өкілі сот отырысында талапты мойындамай, талап қоюшының талабы заңға келмейтіндігін, тауарды техникалық ерекшелігіне сәйкес жеткізгені айтты және талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Прокурор талап қоюды толығымен қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сәйкес (әрі қарай–АПК), әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Азаматтық іс материалдарынан мынадай негізде жасалған шарттың талаптары шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататың міндеттемелерді қабылдады.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.06.2024, судья Казтуганова Б. А., 13.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте тауардың атауы, оның нақты техникалық сипаттамалары мен құны, жеткізу мерзімі мен тәртібі, оған ақы төлеу тәртібі шартта және оған қосымшаларда көрсетіледі.

Шарттың 1.1. тармағына сәйкес өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың ажырамас бөлігі лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша) және №2 қосымша (техникалық ерекшелік) болып табылады, ол сатып алу жарияланған кезде мемлекеттік сатып алу порталында жариялануы тиіс.

Конкурстық құжаттамаға №2 қосымша сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігіне сәйкес тауар функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану мінездемесін сипаттау бөлігінде келесідей айқындалған:

шам жарықдиодты түрі цоколя Е27, қуаты 15 Вт, МЕМСТ Р 54815-2014, жеткізу кезінде қолма-қол сертификат ұсыну.

Сотта жауапкермен ұсынған сертификаттар бойынша тауардың жарамдылық мерзімі өткені анықталды (*2019 жылдың 8 қарашадан бастап 2021 жылдың 9 қарашаға дейін деп көрсетілген*).

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес жеткізу өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Алайда, жауапкермен міндеттемелерді толық орындамағаны анықталды.

Қазіргі уақытта тараптар арасындағы міндеттемелер 2024 жылдың 26 наурызынан бастап шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде қолданады (*тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру).*

Заңның 38-бабының 4 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында

Құжатқа қол қойылған: Каztуганова Б. А., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.06.2024, судья Каztуганова Б. А., 13.06.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың 3.1. тармағына сәйкес өнім беруші өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге.

Бұл мемлекеттік сатып алулар баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен өткізілді.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Демек, өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатыса отырып, жасалатын шарттың талаптары туралы білді және оны техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес белгілінген мерзімде орындауға міндетті болды.

Заңның 43 бабының 23 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген жасалған шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы шарт орындалды деп есептеледі.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес, Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

АПК-нің 225-бабының 2 бөлігіне сәйкес сот істі талап қоюшы мәлімдеген талаптар шегінде шешеді.

Талап қоюшы ұсынған 2024 жылғы 8 наурызынан бастап -18 наурызына (қоса алғанда) 1280 көлеміндегі (116 400 теңге х 0,1% х 11 күн) тұрақсыздық айыбының мөлшерін сот дұрыс сот дұрыс деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Каздуганова Б. А., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.06.2024, судья Каздуганова Б. А., 13.06.2024

1513-24-3-1/837

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте, талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі (*1846 теңге +3% тұрақсыздық*).

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ақтөбе медициналық орталығы» (Aktobe medical center) мемлекеттік коммуналдық кәсіпорының талап қою қанағаттандырылсын.

ара кәсіпкер Наурызбай Бағланұлы («Наурыз») мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Наурызбай Бағланұлы («Наурыз») мемлекет пайдасына 1280 (бір мың екі жүз сексен) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Дара кәсіпкер Наурызбай Бағланұлы («Наурыз») жергілікті бюджет пайдасына 1884 (бір мың сегіз жүз сексен төрт) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 10.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 12.06.2024, судья Казтуганова Б. А., 13.06.2024